

Студенттерді аргументті сөйлеуге үйретудің 10 әдісі

Ерназарова З.Ш.
Ф.ғ.д., проф., КИМЭП
Университеті

Бұл мәселе өзекті ме?

Студенттер арасында жүргізілген
сауалнама қорытындысы

Қазақ тілі оқулықтар туралы өз ойыңызды
тұжырымдап беріңіз. Өз тұжырымыңызды дәлелдеңіз.

Үлгі:

- *Қазақ тілі оқулықтарында жазылым іскерлігін меңгерту мақсаты толыққанды жүзеге аспайды.*

Сапалы оқулық - білім беру мазмұнында шешуші компонент болып табылады

- Тыңдаушының қандай сезімдеріне, қандай аксиологиялық құндылықтарына әсер етуге тырысар едіңіз?

Ойыңызды жеткізуде қандай қиындықтар болды?

1. Негізгі ойды анықтау;
2. Ойды қорытып, пайымдауды тезис түрінде беру;
3. Сөздің құрылымын, жүйесін құрастыру
4. Сөз арқылы өз концепциясыңызды жеткізу;
5. Сөз мақсатын анықтау;
6. Ойды дәлелдейтін аргументтер құру.

Аргумент дегеніміз не?

- Логикаға сыйымды пайымдау;
- Пайымдаудың негізінде логика заңдары жатады.

Аргумент пен дәлелдің қандай айырмашылығы бар?

- Аргумент логика заңдарына құрылады
- Дәлел тұжырымды нақтылау үшін келтірілетін статистика мәліметтері, мысалдар, афоризмдер

Менің сүйікті жыл мезгілім


-
- Менің сүйікті жыл мезгілім- жаз. Жазда табиғат әдемі. Жасыл желекті жапырақтар , қызыл сары гүлдер - бәрі әдемі. Тауда су ағып жатыр.

Жаз - демалыс айы. Адамдар демалады. Құстар сайрайды. Сабақ аяқталады. Біз демалысқа кетеміз. Бірулер теңізге барады. Біреулер тауға лагерьге барады. Мен жазда Бурабайда боламын. Менің атам мен әжем Шортанды қаласында тұрады.

Жаз –керемет жыл мезгілі

- **Әңгіме тезісі-** Жаз жылдың ең керемет айы.
- **Бірінші дәлел:** Табиғат әдемі .иллюстрациялар: Жасыл желекті жапырақтар , қызыл сары гүлдер бәрі әдемі. Тауда су ағып жатыр.
- **Екінші дәлел:** Жаз - демалыс айы Иллюстрациялар:Сабақ аяқталады. Біз демалысқа кетеміз.
- **Қорытынды** Жаз керемет ай.

Аргументті құрудың әдістері



Толық индукция

Мысалдар негізінде (жеке құбылыстар) қорытынды жасау


Бірнеше рет қайталанатын, кездесетін белгілер негізінде қорытынды жасау

• Түркияда қар жауды

Қазақстанда температура 4 градусқа жоғарылады

Үндістанда толассыз жаңбыр жауды

Жаһандық Жылыну Шындыққа айнылып отыр



Толық индукция

Семинарға келген қатысушыларға сұрақ

Семинардан не күтесіз?
Қандай сұраққа жауап
алғыңыз келеді?

Жеке жауаптар
негізінде
қорытынды жасау

Жауаптар

Топтастыру
белгісі -
**Семинарға
қатысу
мақсаты**

Жеке жауаптар негізінде
қорытынды жасау

Затқа тән қасиеттер моделі


Зат не ұғымға анықтама беру алгоритмі

- 1.Тек және түр
2. Бүтін және бөлшек
3. Затқа тән қасиеттер

- 1.Бақ(өсімдік, бақташы, ит, қора, жер)
- 2.Өзен (жаға, балық,балықшы,су, балдыр)
3. Кітап (парақ, мұқаба, оқырман, жазушы, кітапхана)

Затқа тән белгілер ішінде негізгіні анықтай білу

Достық (қарым-қатынас, құрмет, көмек, түсіністік, қолдау, сену, адалдық)



Жансыз затты сипаттау

- заттың сипаттамасы беріледі, тек - түрдің мағыналық моделі қолданылады;
- бүтін-бөлік мағыналық моделі;
- сыртқы қасиеттері (формасы, дерек, мағлұмат);
- заттың қызмет ету аясы (функция);
- дәйектемелерге сілтеу жасау, басқа авторлар осы зат жайлы не айтады.
- кездесетін орын;
-

Жаны бар заттарды сипаттау

- сипаты, қолданылуы, топ, тек, түр;
- қасиеттері, сыртқы көрінісі;
- іс-қимылдары, өмір сүру салты;
- ішкі қасиеттері: мінез-құлқы, адамгершілігі;
- көмегі;


Аналогия

- Серік КИМЭП - ті бітіріп жұмысты тез тапты.
- Мен де КИМЭП -те оқимын. Мен де жұмысты тез табамын.
- Салыстыру өлшемдері бірдей ме?
- Олардың арасында айырмашылық жоқ па?


Ұқсастықты табу

- Заттар мен құбылыстардың ұқсастығына қарай белгілі бір қорытындылар жасау.
- Мысалы, латын әліпбиін енгізу Өзбекстан және Азербайжанда өзін ақтады. Қазақстан да түркі тілдес мемлекет. Демек, латын әліпбиін енгізу Қазақстанда да ақталады.

Себеп – салдар моделі



Себеп –салдар әдісі



- Себеп одан туындайтын салдар
- Салдар оны туындатқан себептер
- Себеп негізінде жасалатын пайымдауды тексеру

Дедуктивті жоспар

- Жалпыдан жекеге
- Тыңдаушыны айғақтармен сендіруде ұтымды қолданылады.
- Мысалы, Каспий қайраңындағы мұнай өндіру жұмыстарының күшеюіне байланысты ондағы экология мәселесі күннен – күнге өзекті болып отыр.
- Заманауи технологияларды қолданса да , 0,1 пайыз мұнай қайраңдағы суға ағады. 100 млн тонна мұнай өндірсе, онда 10 мың тонна мұнай суға ағады.
- Аджип компаниясына қарайтын ұңғыдан шығатын күкірт қышқылынан балықтың қырылып жатқанына 7-8 жыл болды.
- Соңғы уақытта Каспий теңізінде қыстайтын аққулар саны азайып, белгісіз себептерден аққулардың өлуі жиілеп кетті

Аргументтерді талдау, бағалау өлшемдері

- **Релеванттылық:** дәлелденіп отырған тезиске сәйкестігі;
- **Шынайылығы:** шындыққа сәйкестігі;
- **Негізделуі:** нақты дәлелдерге құрылуы
- **Рационалдылығы:** ойға, логикаға сыйымдылығы;
- **Эмоционалдылығы:** сезімге әсер етуі. Құбылту, оқиғаны елестете білу, көз алдына келтіре білу, керекті детальдарды жеткізе білу;

Дедуктивті жоспар

Мұнай өндірісі
экологияға зиян
келтіреді

Қоршаған ортаны
ластайды

100 млн тонна мұнай
өндірсе, онда 10 мың
тонна мұнай суға
ағады.

Фаунаға зиян
келтіреді

Балықтар
қырылып жатыр

Флораға зиян
келтіріп жатыр

Сөз тақырыбы және сөз моделі

- Сізге университетке ерте келу ұнайды
- Сізге жаңа кітаптар оқу ұнайды
- Адамдарға табиғатта қыдыру ұнайды
- Сізге шешен сөйлеуді үйрену керек.
- Еңбек мұратқа жеткізеді.

Ойталқы құрылымы

- Кіріспе
- Түсіндіру
- Себеп-салдар
- Қарсылық
- Ұқсату
- Мысал
- Куәлік
- Қорытынды

Ойталқы

- «Үйренудің тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» Исократтың сөзі
- **Кіріспе:** Бұл сөзді грек шешендік өнерін дамытқан, жеке шешендік мектебі болған Исократ айтқан. Шешен әрі ұстаз өзі бұл сөздің растығын өмірінде көрген, көзі жеткен адам.
- Шешеннің сөзі теңеуге, метафораға құрылған. Ол білім алуды, үйренуді жеміс ағашына теңейді. Ағаштың өсуі үшін оның тамыры мықты болуы керек. Тамыр тәтті болмайды. Ал оның мықты болуы, дұрыс отырғызылуы - болашақ ағаштың жеміс беруінің негізі. Егер тамырды отырғызуда, оны күтуде қажырлы еңбек етпесе, ағаш та жеміс бермейді. Тамырдың ащы болуы оқу, үйрену кезінде болатын әрекетпен байланысты. Адам бір нәрсені үйренуі үшін ерік күші, жігер, табанды қажырлы еңбек керек. Өз жігеріңді жинап, еркінді билесең, әртүрлі көңіл бөлетін қызықтардан өзіңді тежей білсең ғана мақсатқа жетесің. Ал еркінді басқару, әртүрлі қызықтардың соңынан кетпеу үшін өзіңді басқара білуің керек. Сондықтан үйрену тамыры ащы болады.

ЖАЛПЫНЫ КӨРУ

- *Саяси мәнмәтін*– кітап жазылу кезеңінде қандай жергілікті, ұлттық және халықаралық саяси күштер болды немесе әсері болды?
- *Экономикалық мәнмәтін* – Адамдардың күн көріс, тіршілігі, жұмыстары қандай? Ол уақытта не бағаланды?
- *Діни мәнмәтін*– ол уақытта қандай діни сенімдер орын алды? Неге адамдар сенді, сыйынды? Олар қалай, қайда өз сенімдерін көрсетті?
- *Заң\ құқықтық мәнмәтіні*– Ол уақытта қандай заңдар болды?
- *Киім кию мәнмәтіні* – Ол уақытта адамдар қалай киінді\ қандай стиль?
- *Архитектуралық мәнмәтін* – Ол уақытта қандай үйлер\ жолдар соғылды?
- *Үй тұрмысты мәнмәтін*–Адамдардың отбасында қандай өмір болды? Отбасылық ішкі тәртіп немесе құндылықтар қандай болды?
- *Географиялық мәнмәтін* – жергілікті мекен қандай болды? Ол аймақтарда\ ол уақыттарда қандай өсімдік\ жануар болды? Ауа райы қандай?
- *Әскери мәнмәтін* – қандай күрес\ не үшін күрес жүргізілді? Адамдардың тұрмысына ол қалай әсер етті?
- *Әлеуметтік мәнмәтін*– Ол уақытта адамдардың өзара қарым-қатынасы қандай болды? Олар бір-бірін қалай қабылдады? Адамдар бір-біріне қатысты нені қабылдады, нені қабылдамады?

Әдістер

1. Ұғымдар бойынша денотаттық карта құрғызу;
2. Тақырып бойынша менталды карта құрғызу;
3. Бейнетаспа бойынша сөздерді тыңдатып, имитациялау;
4. Импровизациялау әдістерін қолдану
5. Ақпараттар негізінде тұжырымдар жасату;
6. Сипаттама жаздыру;
7. Сызба бойынша сөз құрастыру;
8. Статистикалық мәліметтер бойынша ойды қорыту (сипаттау, мәселені атау, салыстыру)
9. Бейнетаспаға түсіру, тыңдату
10. Дебат ұйымдастыру